

**Павлодар облыстық мәслихатының 2019 жылғы 8 қарашадағы № 418/35 "**  
**Павлодар облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды**  
**алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу**  
**туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облыстық мәслихатының 2024 жылғы 11 шілдедегі № 133/14 шешімі.  
Павлодар облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 15 шілдеде № 7573-  
14 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2025  
жылғы 26 желтоқсандағы № 241/27 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 26.12.2025 №**  
**241/27 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн**  
**өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Павлодар облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Павлодар облыстық мәслихатының "Павлодар облысы бойынша тұрғын үй  
сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін  
айқындау туралы" 2019 жылғы 8 қарашадағы № 418/35 шешіміне (нормативтік  
құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6604 болып тіркелген)  
келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында 2 - тармақтың 4) тармақшасы келесі  
редакцияда жазылсын:

"4) Ипотекалық бағдарламасының және (немесе) Қазақстан Республикасының  
Үкіметі бекіткен мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасының  
талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 20 мамырдағы № 161 бұйрығымен  
бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №  
32546 болып тіркелген) Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін  
қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларына сәйкес  
қалыптастырылатын еңбек ресурстарының болжамын ескере отырып, денсаулық  
сақтау, білім беру, мәдениет, спорт саласындағы қажетті мамандар, құқық қорғау  
органдарының қызметкерлері, әлеуметтік қамсыздандыру қызметкерлері,  
мемлекеттік қызметшілер;"

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он  
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК